Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 14 желтоқсанда № 17948 болып тіркелді

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 2-5) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидалары бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Орта білім беру ұйымдарында оқитындарды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбие алатын және оқитын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарлар сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 717 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12788 болып тіркелген, 2016 жылғы 25 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) "Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарлар сатып алу

қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 717 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 22 ақпандағы № 76 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14956 болып тіркелген, 2017 жылғы 21 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электронды түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Б.А. Асыловаға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі	*Е. Сағадиев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрі

_____

2018 жылғы "____" _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____

2018 жылғы "____" _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____

2018 жылғы "____" _____

	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген

Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу тәртібін белгілейді.

2. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуетті өнім беруші - қызмет көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы шарт жасасуға үміткер, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер

Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум);

2) білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру - білім алушыларға, олардың білім беру ұйымдарында болу кезеңінде тамақтандыруды ұсыну бойынша қызмет көрсету немесе тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша тауарларды сатып алу үшін қажетті жағдай жасау;

3) интернет-ресурс - аппараттық-бағдарламалық кешенде орналастырылатын, бірегей желілік адресі және (немесе) домендік аты бар және Интернетте жұмыс істейтін , мәтіндік, графикалық, аудиовизуалды немесе өзге де түрде бейнеленетін электрондық ақпараттық ресурс;

4) конкурсқа қатысуға өтінім - конкурстық құжаттамаға сәйкес жасалған, қызметтер көрсету немесе тауарларды жеткізу үшін материалдық, қаржылық және еңбек ресурстарына ие екенін растайтын, әлеуетті өнім беруші ұсынатын құжаттар;

5) конкурстық комиссия - конкурс өткізу үшін конкурсты ұйымдастырушы құратын алқалы орган;

6) конкурстық құжаттама - әлеуетті өнім берушіге конкурсқа қатысуға өтінім дайындау үшін және конкурс өткізу шарттары мен тәртібі қамтылған конкурсты ұйымдастырушы ұсынатын құжаттар;

7) конкурсты ұйымдастыру және өткізу рәсімі - әлеуетті өнім берушімен көрсетілетін қызметтерді көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы шарт жасасу мақсатында конкурсты ұйымдастырушы осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылатын өзара байланысты, жүйелі іс-шаралар кешені;

8) конкурсты ұйымдастырушы (тапсырыс беруші):

орта білім беру ұйымдарында - орта білім беру ұйымы, білім беру органы орта білім беру ұйымы бухгалтерлік есепті өз бетінше жүргізбеген жағдайда немесе "

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес (бұдан әрі - Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заң) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасу арқылы білім беру ұйымдарында білім алушылардың тамақтануын ұйымдастырған жағдайда облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы не облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының шешімі бойынша басқа орган;

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында - мектепке дейінгі ұйым, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымы немесе мектепке дейінгі ұйым, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымы бухгалтерлік есепті өз бетінше жүргізбеген жағдайда, білім беру органы;

9) көрсетілетін қызметті берушіні таңдау өлшемшарттары - әлеуетті өнім берушінің қызмет көрсетуі бойынша мүмкіндіктері мен жағдайларын бағалау негізінде жасалатын белгілер;

10) қаржы жылы - ағымдағы жылғы 1 қаңтарда басталып, 31 желтоқсанда аяқталатын уақыт аралығы;

11) мемлекеттік-жекешелік әріптестік - мемлекеттік әріптес және жекешелік әріптес арасындағы Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңда айқындалған белгілерге сәйкес келетін ынтымақтастық нысаны;

12) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты - мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңға сәйкес мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру шеңберінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты тараптарының құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының өзге де талаптары айқындалатын жазбаша келісім;

13) отандық қызмет көрсетушілерді, тауар өндірушілерді қолдау - 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің 17-бабының 1-

тармағына сәйкес көрсетілетін қызметтердің, тауарлардың отандық өндірісін дамытуды ынталандыру үшін қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі шаралар;

14) әлеуметті өнім берушінің біліктілік талаптары - қызмет көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, материалдық, қаржылық және еңбек ресурстарына ие екенін растайтын құжаттар тізбесі;

15) орта білім беру ұйымы - бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы;

16) өнім беруші - қызмет көрсету немесе тауарлардың жеткізілімі туралы шарт жасасқан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға немесе заңды тұлға;

17) тауарларды берушіні таңдау өлшемшарттары - әлеуетті өнім берушінің тауарларды жеткізу бойынша мүмкіндіктері мен жағдайларын бағалау негізінде жасалатын белгілер;

18) тауарларды сатып алу - тапсырыс берушінің тауарларды осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен сатып алуы;

19) тиімді тамақтандыру - тамақтандырудың физиологиялық және жас ерекшелігі нормалары ескерілген үйлестірілген тағам;

20) шарт - тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында қызметтерді көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы жасалған азаматтық-құқықтық шарт.

2-тарау. Орта білім беру ұйымдарында тамақтандыруды ұйымдастыру тәртібі

1 - параграф. Орта білім беру ұйымдарында тамақтандыруды ұйымдастыру тәсілдері

3. Орта білім беру ұйымдарында тамақтандыруды ұйымдастыру:

1) конкурстық негізде білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтерді сатып алу;

2) конкурстық негізде білім алушыларды тамақтандырумен байланысты тауарларды сатып алу;

3) мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңға және осы Қағидаларға сәйкес білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтерді сатып алу арқылы мектеп асханасына жоқ жабдықтарды сатып алу және/немесе тозған жабдықтарды жаңа энергия үнемдейтін жабдықтарға ауыстыру қажет болған жағдайда жүзеге асырылады.

2 - параграф. Орта білім беру ұйымдарында тамақтандыруды ұйымдастыру рәсімі

4. Конкурстық негізде білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру көрсетілетін қызметті немесе конкурстық негізде білім алушыларды тамақтандырумен байланысты тауарларды жеткізушіні таңдау рәсімі конкурсты ұйымдастырушының келесі бірізді іс-шараларды орындауын көздейді:

1) конкурстық құжаттаманы бекіту;

2) әлеуетті өнім берушілерді конкурсты ұйымдастырушының немесе конкурсты ұйымдастырушының жеке интернет-ресурсы болмаған жағдайда білім беру органының интернет-ресурсында және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында хабарландыру беру арқылы өнім берушіні таңдау рәсімін жүзеге асыру туралы хабардар ету;

3) конкурстық комиссия құрамын қалыптастыру және бекіту;

4) әлеуетті өнім берушілерден конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдау;

5) комиссияның көрсетілетін қызметті немесе тауарларды берушілерге қойылатын талаптарға сәйкес келетін және (немесе) сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді айқындау үшін құжаттарды қарауы;

6) қызмет көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы шарт жасасу.

5. Егер көрсетілетін қызметті таңдау бойынша конкурсты ұйымдастырушы білім беру органы немесе облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органының шешімі бойынша басқа орган болған жағдайда конкурс білім беру ұйымдары бойынша лоттарға бөле отырып өткізіледі. Тауарларды сатып алу кезінде лоттарға бөле отырып, конкурс өткізуге жол беріледі.

6. Қызметтерді немесе тауарларды сатып алуды конкурсты ұйымдастырушы қызметтерді немесе тауарларды сатып алудың бекітілген жоспары негізінде жүзеге асырады.

7. Тиісті бюджет негізінде конкурсты ұйымдастырушы тиісті бюджет бекітілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметтерге немесе тауарларға қажеттілік негізінде қаржы жылына көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды сатып алу жоспарын әзірлейді және бекітеді.

Тегін тамақтануға құқығы бар білім алушылар болмаған жағдайда тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды сатып алу жоспарында бюджет қаражаты көрсетілмейді және өтінімді қамтамасыз етуді енгізу, шартты орындау талап етілмейді.

8. Конкурсты ұйымдастырушы көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды сатып алу жоспары бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны конкурсты ұйымдастырушының немесе конкурсты ұйымдастырушыда өзінің интернет-ресурсы

болмаған жағдайда білім беруді басқару органының интернет-ресурсында және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымында орналастырады.

9. Қызметтерді немесе тауарларды сатып алу жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу тапсырыс берушінің бюджетіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайларда жүзеге асырылады.

Конкурсты ұйымдастырушы көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды сатып алу жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өзгерістер және (немесе) толықтыруларды конкурсты ұйымдастырушының немесе конкурс ұйымдастырушыда өзінің интернет-ресурсы болмаған білім беруді басқару органының интернет-ресурсында жағдайда және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымында орналастырады.

10. Конкурстық комиссия конкурсты ұйымдастырушының бұйрығымен құрылады және комиссия мүшелерінің тақ санынан, бірақ кемінде жеті адамнан тұрады.

Конкурстық комиссия құрамына келісім бойынша мектептердің қамқоршылық кеңесі, өз құзыреті шегінде мемлекеттік мүлікті басқару саласында басшылықты жүзеге асырып отырған, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің, үкіметтік емес ұйымдардың және ата-аналар жұртшылығының өкілдері енгізіледі.

11. Конкурстық комиссия мүшелерінің арасынан көпшілік дауыспен төраға сайланады.

Төраға болмаған кезде оның функцияларын Комиссия мүшелерінің бірі орындайды.

12. Комиссияның ұйымдастырушылық қызметін комиссия мүшесі болып табылмайтын комиссия хатшысы қамтамасыз етеді.

13. Егер комиссия мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда, конкурстық комиссияның отырысы заңды болып табылады. Конкурстық комиссия мүшелерінің бірі болмаған жағдайда, конкурстық комиссия отырысының хаттамасында оның болмау себебі көрсетіледі.

14. Конкурстық комиссия шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және отырысқа қатысқан комиссия мүшелерінің жалпы санынан оған көп дауыс берген жағдайда шешім қабылданған болып есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, комиссия төрағасы, ол болмаған жағдайда комиссия төрағасының орынбасары дауыс берген комиссия мүшелерінің шешімі қабылданған болып есептеледі.

15. Комиссия шешімдерін хаттамалар түрінде комиссия хатшысы ресімдейді, оның әрбір парағына қатысып отырған комиссияның мүшелері қолдарын қояды.

Әлеуетті өнім берушінің немесе оның өкілінің сұранысы бойынша қабылданған шешімге қатысты комиссия отырысы хаттамасының үзінді көшірмесі беріледі.

16. Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнім берушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттамаға (бұдан әрі - Үлгілік конкурстық құжаттама) сәйкес конкурсты ұйымдастырушы:

1) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушылар санатының тізбесін, тауарды берушіні таңдау кезінде Үлгілік конкурстық құжаттамаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алынатын тауарлардың тізбесін;

2) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 3-қосымшаға сәйкес өнім берушіні таңдау жөніндегі конкурстық құжаттаманың техникалық тапсырмаларын;

Көрсетілетін қызметті берушіні таңдау кезінде өнім берушіні таңдау бойынша техникалық тапсырмаға тегін тамақтандыруға құқығы бар білім алушыларды қамтамасыз ету үшін талап етілетін перспективалық мәзір қоса беріледі;

3) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 4, 5-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша заңды және жеке тұлғалар үшін конкурсқа қатысуға өтінімді;

4) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуетті өнім берушінің қызметкерлерінің біліктілігі туралы мәліметтерді;

5) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 7, 8-қосымшаларға сәйкес көрсетілетін қызмет берушіні немесе тауарларды берушіні таңдау өлшемшарттарының тізбені;

6) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 9-қосымшаға сәйкес үлгілік шартты қамтитын конкурстық құжаттаманы әзірлейді және бекітеді.

17. Отандық қызметтерді, тауарларды өндірушілерді қолдау үшін конкурсты ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) техникалық тапсырмада тамақтандыруды ұйымдастыру шеңберінде әлеуетті өнім берушілерге тамақ өнімдерін кемінде 80% (сексен пайыз мөлшерінде) отандық қызметтерді, тауарларды өндірушілерден сатып алу туралы талаптарды қарастырады.

18. Конкурстық құжаттама конкурсты ұйымдастырушының немесе конкурс ұйымдастырушыда өзінің интернет-ресурсы болмаған жағдайда білім беруді басқару органының интернет-ресурсында және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымында орналастырады және және ол әлеуетті өнім берушілерге қағаз түрінде талабы бойынша беріледі.

Конкурстық комиссияның хатшысы конкурс қатысушыларына конкурстық құжаттаманың қағаз түріндегі көшірмелерін қол қойғызып береді және деректерді осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурстық құжаттаманың көшірмесін алған адамдарды тіркеу журналына енгізеді.

19. Адамдарды тіркеу журналы тігіледі, нөмірленеді, соңғы парағы конкурсты ұйымдастырушының мөрімен бекітіледі.

20. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттама бекітілген күнінен бастап күнтізбелік бес күн ішінде, бірақ әлеуетті өнім берушілер конкурсқа қатысуға өтінімдер беретін соңғы күнге дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн қалғанда осы Қағидаларға 4 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсты ұйымдастырушының немесе білім басқармасының интернет-ресурсында конкурс ұйымдастырушыда өзінің интернет-ресурсы болмаған жағдайда және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымында конкурс туралы хабарландыруды орналастыру арқылы әлеуетті өнім берушілерді хабардар етеді.

Хабарландыруда конкурсты ұйымдастырушының толық пошталық мекенжайы, бөлме нөмірі, конкурстық құжаттаманы қабылдауға және тіркеуге жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), өтінім берудің күні және соңғы мерзімі, сондай-ақ конверттерді ашу күні, уақыты мен жері көрсетіледі.

21. Конкурсқа қатысуға құқықтық қабілеті бар, төлеуге қабілетті болып табылатын және материалдық, еңбек ресурстары бар әлеуетті өнім беруші үміткер болады.

22. Әлеуетті өнім беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі конкурсты ұйымдастырушының пошталық мекенжайына немесе қолма-қол тігілген және нөмірленген, басшының қолы қойылып, мөрімен (бар болса) бекітілген құжаттар пакетін, оны ұсынудың соңғы мерзімі аяқталуына дейін жолдайды, онда келесі құжаттар қамтылады:

1) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 4, 5-қосымшаларға сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған және әлеуетті өнім берушінің қолы қойылып, мөрімен куәландырылған конкурсқа қатысуға өтінім;

2) құқық қабілетін және әрекетке қабілеттілігін растайтын құжаттар:

заңды тұлғалар үшін:

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың көшірмесі;

заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жарғының көшірмесі;

жеке тұлғалар үшін:

жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;

конкурсқа қатысуға өтінім беруге, қол қоюға, комиссия отырысына қатысуға құқық беретін оның мүдделерін білдіретін адамға сенімхат;

3) конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдан бұрын емес алынған салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер;

4) тегін тамақтануға құқығы бар білім алушылар болған жағдайда конкурсқа қатысуға банктік кепілдік немесе кепілдік берілген ақшалай жарна түрінде өтінімді қамтамасыз етуді растайтын құжаттың түпнұсқасы;

5) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 3-қосымшаға сәйкес, өнім берушіні таңдау жөніндегі конкурстық құжаттамаға техникалық тапсырма;

Қызметті берушіні таңдау кезінде өнім берушіні тандау бойынша конкурстық құжаттамаға техникалық тапсырмаға тегін тамақтандыруға құқығы бар білім алушыларды қамтамасыз ету үшін талап етілетін перспективалық мәзір қоса береді;

6) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуетті өнім беруші қызметкерлерінің біліктілігі туралы мәліметтер.

23. Қатысуға өтінімді және тиісті құжаттарды әлеуетті өнім беруші конкурсты ұйымдастырушыға тігілген, нөмірленген түзетусіз түрінде ұсынады. Өтінімнің соңғы парағына бірінші басшының қолы қойылады және мөрімен бекітіледі.

Егер конкурс лоттар бойынша бөлінген жағдайда, әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға құжаттарды әр лотқа бөлек ұсынады.

24. Әлеуетті өнім беруші конкурсты ұйымдастырушының банк шотына банктік кепілдік немесе кепілдік берілген ақша жарнасы түрінде конкурсқа бөлінген соманың бір пайызынан кем емес мөлшерде конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізеді.

25. Конкурстық комиссияның хатшысы әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамасы бар конверттерді қабылдайды және өтінімдерді тіркеу журналына конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтерді енгізеді.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналы осы Қағидалардың 18-тармағына сәйкес конкурстық құжаттама көшірмелерін алған адамдарды тіркеу журналына ұқсас өтінімді тіркеу немесе себебін көрсете отырып, тіркеуден бас тарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді енгізуді есепке алып ресімделеді.

26. Конкурсты ұйымдастырушы бекіткен мерзім өткеннен кейін ұсынылған құжаттар тіркелуге жатпайды және әлеуетті өнім берушілерге қайтарылады.

27. Конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушілердің құжаттары бар конверттерді ашуды хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау аяқталған күні мен уақытында өткізеді.

28. Конкурстық комиссияның төрағасы қатысушыларға конкурстық комиссияның құрамы, белгіленген мерзімде конкурсқа қатысуға құжаттарды ұсынған әлеуетті өнім берушілердің саны туралы хабарлайды және әлеуетті өнім берушілердің конверттерін ашуды жүзеге асырады.

Конкурсты ұйымдастырушының хабарландыруында белгіленген мерзімде ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімдері бар конверттер ашылуға жатады.

29. Конверттерді ашу хаттамасы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді, оған конкурстық комиссияның төрағасы, мүшелері әрбір парағына және соңына қолын қояды конкурсты ұйымдастырушының немесе білім басқармасының интернет-ресурсында конкурс ұйымдастырушыда өзінің интернет-ресурсы болмаған жағдайда және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында орналастырылады.

30. Өтінімдері бар конверттерді ашқан күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға рұқсат беру үшін толықтығы және конкурстық құжаттамаға сәйкестігі тұрғысынан өтінімді қарайды. Конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін құжаттар қабылданбайды.

Әлеуетті өнім беруші ұсынған құжаттардың дұрыстығын анықтау қажет болған жағдайда, комиссия тиісті мемлекеттік органдар мен заңды тұлғалардан жазбаша түрде қажетті ақпаратты сұратады.

31. Конкурстық комиссияның өтінімді конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестендіруге байланысты сұраныстарына және өтінімді жетіспейтін құжаттармен толықтыруға, құжаттарды алмастыруға, тиісінше ресімделмеген құжаттарды дұрыстауға бағытталған әрекетіне жол берілмейді.

32. Комиссия өтінімдерді ашу кезінде әлеуетті өнім берушілер және (немесе) олардың өкілдері өздерінің қалауы бойынша аудиожазба мен бейнетүсірілім жүргізу құқығымен комиссия қызметіне араласпай қатыса алады.

33. Конкурстық комиссия конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды және оларды конкурсқа қатысушылар ретінде таниды.

34. Осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурстық комиссияның шешімі әрбір парағына және соңына конкурстық комиссияның төрағасының және мүшелерінің қолы қойылған конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамамен ресімделеді.

Конкурсқа қатысу туралы рұқсат беру туралы хаттама комиссия отырысы күнінен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей конкурсты ұйымдастырушының немесе конкурсты ұйымдастырушыда өзінің интернет-ресурсы болмаған жағдайда білім беруді басқару органының интернет-ресурсында және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында орналастырылады.

35. Комиссия конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттама жарияланған күнінен бастап екі жұмыс күн ішінде рұқсат берілген әлеуетті өнім берушілердің құжаттамасын қарайды.

36. Егер неғұрлым үздік сипаттамалары бар көрсетілетін қызмет ұсынылған жағдайда, әлеуетті өнім берушінің техникалық тапсырмасының конкурстық құжаттамада көрсетілген техникалық тапсырмаға сәйкес болмауына жол беріледі.

37. Конкурстық құжаттама талаптарына және біліктілік талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім беруші конкурс жеңімпазы болып танылады.

38. Егер конкурсқа екі және одан да көп әлеуетті өнім берушілерге рұқсат берілген жағдайда Үлгілік конкурстық құжаттамаға 7, 8 - қосымшаларға сәйкес көрсетілетін қызметті берушіні немесе тауарларды берушіні таңдау өлшемшарттары қолданылады. Бұл жағдайда, барынша көп балл жинаған әлеуетті өнім беруші конкурс жеңімпазы болып танылады.

Егер конкурста конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес өтінімді ұсынған және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін бір әлеуетті өнім беруші қатысқан жағдайда, ол конкурс жеңімпазы болып танылады.

Егер екі және одан да көп әлеуетті өнім беруші бірдей балл санын жинаған жағдайда, Үлгілік конкурстық құжаттамаға 7-қосымшаға сәйкес тауарлар берушіні таңдау өлшемшарттары бойынша қызмет көрсету нарығында неғұрлым көп жұмыс тәжірибесі бар, Үлгілік конкурстық құжаттамаға 8-қосымшаға сәйкес тауарлар берушіні таңдау өлшемшарттары бойынша тауарлар нарығында неғұрлым көп жұмыс тәжірибесі бар конкурсқа қатысушы жеңімпаз болып танылады. Бірнеше әлеуетті өнім берушілердің жұмыс тәжірибесі тең болған кезде конкурсқа қатысуға өтінімі басқа әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерінен бұрын түскен әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады.

39. Конкурстық комиссияның төрағасы конкурстық комиссияның отырысына қатысып отырған адамдарға конкурс қорытындыларын жариялайды.

40. Конкурс қорытындылары туралы хаттама осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді, оған комиссияның төрағасы және мүшелері әрбір парағына және соңына қолын қояды және конкурс қорытындылары туралы хаттама қол қойылған күннен бастап бір жұмыс күн ішінде конкурсты ұйымдастырушының немесе конкурсты ұйымдастырушыда өзінің интернет-ресурсы болмаған жағдайда білім беруді басқару органының интернет-ресурсында және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында орналастырылады.

Конкурс қорытындылары туралы хаттама қызмет көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы шарт жасасуға негіз болып табылады.

41. Конкурс жеңімпазы болып танылған әлеуетті өнім беруші қонкурс қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күнінен бастап және оны конкурсты ұйымдастырушының немесе конкурс ұйымдастырушыда өзінің интернет-ресурсы болмаған жағдайда білім беруді басқару органының интернет-ресурсында және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде шарттың жалпы сомасынан үш пайыздан кем емес мөлшерде шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізеді.

Тегін тамақтануға құқығы бар білім алушылар болмаған жағдайда қызметті әлеуетті қызмет беруші шарттың жалпы сомасынан үш пайыздан кем емес мөлшерде шартты жүзеге асыруға қамтамасыз етуді енгізбейді.

42. Конкурсты ұйымдастырушы өнім беруші шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін екі жұмыс күні ішінде қол қойылған қызмет көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы шартты әлеуетті өнім берушіге жолдайды.

43. Өнім беруші шартты алған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қол қойылған қызмет көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы шартты конкурсты ұйымдастырушыға қайтарады.

44. Егер әлеуетті өнім беруші осы мерзім ішінде шартқа қол қоймаса, ол шартты қол қоюдан жалтарған деп есептеледі.

45. Ұйымдастырушы мынадай жағдайлардың бірі басталған кезде:

1) конкурс жеңімпазы деп айқындалған немесе екінші орын алған әлеуетті өнім беруші тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізу туралы шарт жасасудан жалтарған;

2) конкурс жеңімпазы не екінші орын алған әлеуетті өнім беруші шарт жасаса отырып, конкурстық құжаттамада белгіленген тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы талаптарды орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған, оның ішінде уақтылы орындамаған жағдайларда конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді әлеуетті өнім берушіге қайтармайды.

46. Осы Қағидалардың 45-тармағында көзделген жағдайлардың бірі басталған кезде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасы тиісті бюджеттің кірісіне аударылады.

47. Шарт бөлінген қаражат шегінде тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелер бойынша бекітілген жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес жасалады және шарт мерзімі аяқталғаннан кейін өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болмаған жағдайда екі реттен көп емес ұзартылады.

Тегін тамақтануға құқығы бар білім алушылардың саны өзгерген жағдайда қолданыстағы шартқа қосымша келісім жасалады.

48. Қызмет берушіні таңдау конкурсында жеңімпаз болып танылған әлеуетті өнім беруші күнтізбелік он бес күн ішінде мемлекеттік мүлік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мектеп асханасының бөлмесін және жабдықтарын жалдау жөнінде шарт жасасады.

49. Көрсетілетін қызметті беруші жалдау шартын алғаннан кейін білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті көрсеткенге дейін "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылы 10 шілдеде № 11626 болып тіркелген) 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және гигиеналық нормативтерге сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алады.

50. Шарттық міндеттемелерді орындау процесінде туындайтын барлық даулар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес шешіледі.

51. Конкурс қорытындыларын шығарғанға дейінгі, бірақ қаржы жылының кемінде үш айдан аспайтын кезеңге қажеттілікке сәйкес білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсетуге немесе тауарларды жеткізуге қажеттілік болған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсететін тиісті өнім берушіні немесе тауарларды берушіні тарту туралы шешім қабылдайды.

Аталған шешімді қабылдаған жағдайда конкурсты ұйымдастырушы орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсетуге немесе тауарларды жеткізуге тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсететін немесе тауарларды жеткізетін өнім берушіге сұрау жібереді.

52. Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсететін немесе тауарларды жеткізетін өнім беруші келіскен жағдайда конкурсты ұйымдастырушының хаты түскен күнінен бастап үш жұмыс күн ішінде заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің, жарғының (заңды тұлғалар үшін) немесе жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің, жеке басты куәландыратын құжаттың (жеке тұлғалар үшін) көшірмелерін, техникалық тапсырманы және әлеуетті өнім берушінің қызметкерлерінің біліктілігі туралы мәліметтерді қоса беріп, жауап жолдайды.

53. Конкурсты ұйымдастырушы көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды берушіден хат алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде оған қол қойылған қызмет көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы шартты жібереді.

54. Өнім беруші шарт жобасын алған күнінен бастап бір жұмыс күні ішінде қол қойылған қызмет көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы шартты конкурсты ұйымдастырушыға қайтарады.

55. Конкурстық комиссияның хатшысы екі жұмыс күні ішінде конкурсты ұйымдастырушының немесе конкурсты ұйымдастырушыда өзінің интернет-ресурсы болмаған жағдайда білім беруді басқару органының интернет-ресурсында және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында көрсетілетін қызметті беруші немесе тауарларды беруші туралы ақпарат жариялайды.

56. Конкурсты ұйымдастырушы:

1) ұсынылған өтінімдер болмаған;

2) конкурсқа қатысуға бірде-бір әлеуетті өнім беруші жіберілмеген;

3) конкурс жеңімпазы, егер аталған өнім беруші конкурсқа жалғыз қатысып, шарт жасасудан жалтарған жағдайларда, конкурсты өткізілмеді деп таниды.

57. Конкурс өткізілмеді деп танылған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы конкурс өткізілмеді деп танылған күнінен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей, бірақ әлеуетті өнім берушілер конкурсқа қатысуға өтінімдер беретін соңғы күнге кемінде күнтізбелік он күн қалғанда конкурсты ұйымдастырушының немесе конкурсты ұйымдастырушыда өзінің интернет-ресурсы болмаған жағдайда білім беруді басқару органының интернет-ресурсында және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында орналастыру арқылы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсты қайта өткізу туралы жариялайды.

Егер конкурс жеңімпазы шарт жасасудан жалтарған жағдайда конкурсқа екі және одан да көп әлеуетті өнім беруші қатысқан кезде, конкурстық комиссия көрсетілетін қызметтерді, тауарларды берушілерді таңдау өлшемшарттары бойынша конкурс жеңімпазынан кейін көп балл жинаған әлеуетті өнім берушімен шарт жасасу туралы шешім қабылдайды және екі күн ішінде оған шартты жолдайды.

Әлеуетті өнім беруші шартты алған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде қол қояды және қол қойылған тауарларды жеткізу немесе қызмет көрсету туралы шартты конкурсты ұйымдастырушыға қайтарады.

58. Осы Қағидалардың 55-тармағына сәйкес қайта өткізілген конкурс өткізілмеген болып танылған жағдайда конкурстық комиссияның шешімі бойынша конкурсты ұйымдастырушы тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсететін немесе тауарларды жеткізетін өнім берушіні тарту туралы шешім қабылдайды.

Өнім берушіні тарту осы Қағидалардың 51, 52, 53, 54-тармақтарына ұқсас жүзеге асырылады.

3 - параграф. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңға сәйкес орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібі

59. Жекеме әріптесті айқындау Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңның 31 - бабына сәйкес белгіленген тәсілдермен жүзеге асырылады.

60. Әлеуетті жекеме әріптестің біліктілік талаптарына сәйкестігін айқындау Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңның 34-бабына сәйкес жүзеге асырылады .

61. Орта білім беру ұйымдарында білім алатындарды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметті алу Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңға және осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес өтінім негізінде жүзеге асырылады.

Өтінім қабылданбаған жағдайда конкурс осы Қағидалардың 2-тарауының 2-параграфында көзделген орта білім беру ұйымдарында тамақтандыруды ұйымдастыру тәртібіне сәйкес өткізіледі.

62. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы шарт жасалғанға дейінгі кезеңге қажеттілікке сәйкес білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету қажеттілігі болған жағдайда орта білім беру ұйымы немесе білім беруді басқару органы, егер орта білім беру ұйымы бухгалтерлік есепті дербес жүргізбеген жағдайда осы Қағидалардың 51, 52, 53-тармақтарына сәйкес тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсететін өнім берушіні тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы шешім қабылданған жағдайда конкурсты ұйымдастырушы орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсету үшін тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсететін өнім берушіге сұрау жібереді.

63. Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету осы Қағидалардың 2-тарауының 3-параграфында көзделген орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

3-параграф. Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету тәртібі

64. Тамақтандыруды ұйымдастыру "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі № 193-IV Кодексінің 144-бабының 6-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

65. Асхананың және (немесе) буфеттің жұмыс уақыты оқу процесі аяқталғанға дейін бір сағат бұрын аяқталады.

66. Білім беруді басқару органдары және орта білім беру ұйымдары интернет-ресурста "Мектептік тамақтану" айдарын құрады және білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша ақпаратты жүйелі түрде орналастыруды қамтамасыз етеді.

67. Орта білім беру ұйымының басшысы перспективалық мәзірге сәйкес күн сайын алдағы күнге ас мәзірін бекітеді және оны асханаға және білім алушылардың ата-аналары немесе заңды өкілдері үшін қолжетімді жерге орналастырады.

68. Қызметті жеткізуші ай сайын орта білім беру ұйымының басшысына өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттарды қоса бере отырып, білім алушылар үшін пайдаланылатын тамақ өнімдерінің тізбесі туралы мәліметтерді ұсынады.

69. Орта білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңесі, ата-аналар комитеті, мектеп әкімшілігі өкілдерінің, білім беру ұйымының медициналық пунктінің медицина қызметкерінің қатысуымен тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құрылады. Комиссияның төрағасы орта білім беру ұйымының басшысы болып табылады.

70. Комиссияның міндеттеріне келіп түсетін тамақ өнімдерінің сапасына, тағамдарды дайындау технологиясына, тоңазытқыш-технологиялық жабдықтардың

жарамдылығына, азық-түлік пен дайын тағамдарды сақтау мерзімдері мен шарттарының сақталуына мониторинг жүргізу кіреді.

71. Комиссия жұмысының қорытындылары тоқсан сайын кейін оларды білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінде қарау және орта білім беру ұйымының интернет-ресурсында орналастыру үшін ақпарат түрінде ресімделеді.

72. Білім беруді басқару органдары жанынан қызмет атқаратын тамақтану сапасын бақылау жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық топтар тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиялардың қызметіне жүйелі мониторинг жүргізеді және оқушылардың тамақтануын тиімді ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдайды.

3-тарау. Мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу рәсімі

73. Тауарларды жеткізушіні таңдау рәсімі конкурсты ұйымдастырушының келесі бірізді іс-шараларды орындауын көздейді:

1) конкурстық құжаттаманы бекіту;

2) конкурсты ұйымдастырушы конкурсты ұйымдастырушының немесе конкурсты ұйымдастырушының жеке интернет-ресурсы болмаған жағдайда білім беруді басқару органының интернет-ресурсында және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында хабарландыру беру арқылы өнім берушіні таңдау рәсімін жүзеге асыру туралы хабардар ету;

3) конкурстық комиссия құрамын қалыптастыру және бекіту;

4) әлеуетті өнім берушілерден конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдау;

5) комиссияның көрсетілетін қызмет берушілерге немесе тауарларды берушілерге қойылатын талаптарға сәйкес келетін және (немесе) сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді айқындау үшін құжаттарды қарауы;

6) қызмет көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы шарт жасасу.

74. Тауарларды сатып алуды конкурсты ұйымдастырушы тауарларды сатып алудың бекітілген жоспары негізінде жүзеге асырады.

75. Тиісті бюджет негізінде конкурсты ұйымдастырушы тиісті бюджет бекітілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларға қажеттілік негізінде қаржы жылына тауарларды сатып алу жоспарын әзірлейді және бекітеді.

76. Тамақтануға арналған шығындардың 100 пайызы ата-аналардан немесе заңды өкілдерден алынатын мектепке дейінгі ұйымдарда тауарларды сатып алу жоспары қаржы жылының желтоқсан айында бекітіледі.

77. Конкурсты ұйымдастырушы немесе тамақтану шығындарының 100 пайызы ата-аналардан немесе заңды өкілдерден алынатын мектепке дейінгі ұйымның басшысы тауарларды сатып алу жоспары бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны конкурсты ұйымдастырушының немесе конкурсты ұйымдастырушыда өзінің интернет-ресурсы болмаған жағдайда білім беруді басқару органының интернет-ресурсында және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымында орналастырады.

78. Тауарларды сатып алу жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу тапсырыс берушінің бюджетіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайларда жүзеге асырылады.

Конкурсты ұйымдастырушы немесе тамақтану шығындарының 100 пайызы ата-аналардан немесе заңды өкілдерден алынатын мектепке дейінгі ұйымның басшысы тауарларды сатып алу жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өзгерістер және (

немесе) толықтыруларды конкурсты ұйымдастырушының немесе конкурсты ұйымдастырушыда өзінің интернет-ресурсы болмаған жағдайда білім беруді басқару органының интернет-ресурсында және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымында орналастырады.

79. Конкурстық комиссия конкурсты ұйымдастырушының бұйрығымен құрылады және комиссия мүшелерінің тақ санынан, бірақ кемінде жеті адамнан тұрады.

Конкурстық комиссия құрамына келісім бойынша мектептердің қамқоршылық кеңесі, өз құзыреті шегінде мемлекеттік мүлікті басқару саласында басшылықты жүзеге асырып отырған, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің, үкіметтік емес ұйымдардың және ата-аналар жұртшылығының өкілдері енгізіледі.

80. Конкурстық комиссия мүшелерінің арасынан көпшілік дауыспен төраға сайланады.

Төраға болмаған кезде оның функцияларын Комиссия мүшелерінің бірі орындайды.

81. Комиссияның ұйымдастырушылық қызметін комиссия мүшесі болып табылмайтын комиссия хатшысы қамтамасыз етеді.

82. Егер комиссия мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда, конкурстық комиссияның отырысы заңды болып табылады. Конкурстық комиссия мүшелерінің бірі болмаған жағдайда, конкурстық комиссия отырысының хаттамасында оның болмау себебі көрсетіледі.

83. Конкурстық комиссия шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және отырысқа қатысқан комиссия мүшелерінің жалпы санынан оған көп дауыс берген жағдайда шешім қабылданған болып есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, комиссия төрағасы, ол болмаған жағдайда комиссия төрағасының орынбасары дауыс берген комиссия мүшелерінің шешімі қабылданған болып есептеледі.

84. Комиссия шешімдерін хаттамалар түрінде комиссия хатшысы ресімдейді, оның әрбір парағына қатысып отырған комиссияның мүшелері қолдарын қояды.

Әлеуетті өнім берушінің немесе оның өкілінің сұранысы бойынша қабылданған шешімге қатысты комиссия отырысы хаттамасының үзінді көшірмесі беріледі.

85. Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнім берушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттамаға (бұдан әрі - Үлгілік конкурстық құжаттама) сәйкес конкурсты ұйымдастырушы:

1) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алынатын тауарлардың тізбесін;

2) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 3-қосымшаға сәйкес өнім берушіні таңдау жөніндегі конкурстық құжаттаманың техникалық тапсырмаларын;

3) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 4, 5-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша заңды және жеке тұлғалар үшін конкурсқа қатысуға өтінімді;

4) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуетті өнім берушінің қызметкерлерінің біліктілігі туралы мәліметтерді;

5) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 8-қосымшаларға сәйкес тауарларды берушіні таңдау өлшемшарттарын;

6) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 9-қосымшаға сәйкес Үлгілік шартты қамтитын конкурстық құжаттаманы әзірлейді және бекітеді.

86. Отандық қызмет көрсетушілерді, тауар өндірушілерді қолдау үшін конкурсты ұйымдастырушы техникалық тапсырмада тамақтандыруды ұйымдастыру шеңберінде

әлеуетті өнім берушілерге тамақ өнімдерін кемінде 80% (сексен пайыз мөлшерінде) отандық қызмет көрсетушілерден, тауар өндірушілерден сатып алу туралы талаптарды қарастырады.

87. Конкурстық құжаттама конкурсты ұйымдастырушының немесе конкурсты ұйымдастырушыда өзінің интернет-ресурсы болмаған жағдайда білім беруді басқару органының интернет-ресурсында және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымында орналастырады және және ол әлеуетті өнім берушілерге қағаз түрінде талабы бойынша беріледі.

Конкурстық комиссияның хатшысы конкурс қатысушыларына конкурстық құжаттаманың қағаз түріндегі көшірмелерін қол қойғызып береді және деректерді осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурстық құжаттаманың көшірмесін алған адамдарды тіркеу журналына енгізеді.

88. Адамдарды тіркеу журналы тігіледі, нөмірленеді, соңғы парағы конкурсты ұйымдастырушының мөрімен бекітіледі.

89. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттама бекітілген күнінен бастап күнтізбелік бес күн ішінде, бірақ әлеуетті өнім берушілер конкурсқа қатысуға өтінімдер беретін соңғы күнге дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн қалғанда осы Қағидаларға 4 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсты ұйымдастырушының немесе конкурсты ұйымдастырушыда өзінің интернет-ресурсы болмаған жағдайда білім беруді басқару органының интернет-ресурсында және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымында конкурс туралы хабарландыруды орналастыру арқылы әлеуетті өнім берушілерді хабардар етеді.

Хабарландыруда конкурсты ұйымдастырушының толық пошталық мекенжайы, кабинет нөмірі, конкурстық құжаттаманы қабылдауға және тіркеуге жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), өтінім берудің күні және соңғы мерзімі, сондай-ақ конверттерді ашу күні, уақыты мен жері көрсетіледі.

90. Конкурсқа қатысуға құқық қабілеті бар, төлеуге қабілетті болып табылатын және материалдық, еңбек ресурстары бар әлеуетті өнім беруші үміткер болады.

91. Әлеуетті өнім беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі конкурсты ұйымдастырушының пошталық мекенжайына немесе қолма-қол тігілген және нөмірленген, басшының қолы қойылып, мөрімен (бар болса) бекітілген құжаттар пакетін, оны ұсынудың соңғы мерзімі аяқталуына дейін жолдайды, онда келесі құжаттар қамтылады:

1) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 4, 5-қосымшаларға сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған және әлеуетті өнім берушінің қолы қойылып, мөрімен куәландырылған конкурсқа қатысуға өтінім;

2) құқық қабілетін және әрекетке қабілеттілігін растайтын құжаттар:

заңды тұлғалар үшін:

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың көшірмесі;

заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жарғының көшірмесі;

жеке тұлғалар үшін:

жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;

конкурсқа қатысуға өтінім беруге, қол қоюға, комиссия отырысына қатысуға құқық беретін оның мүдделерін білдіретін адамға сенімхат;

3) конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдан бұрын емес алынған салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары,

міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер;

4) тегін тамақтануға құқығы бар білім алушылар болған жағдайда конкурсқа қатысуға банктік кепілдік немесе кепілдік берілген ақшалай жарна түрінде өтінімді қамтамасыз етуді растайтын құжаттың түпнұсқасы;

5) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 3-қосымшаға сәйкес, өнім берушіні таңдау жөніндегі конкурстық құжаттамаға техникалық тапсырма;

6) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуетті өнім беруші қызметкерлерінің біліктілігі туралы мәліметтер.

92. Қатысуға өтінімді және тиісті құжаттарды әлеуетті өнім беруші конкурсты ұйымдастырушыға тігілген, нөмірленген түзетусіз түрінде ұсынады. Өтінімнің соңғы парағына бірінші басшының қолы қойылады және мөрімен бекітіледі.

Егер конкурс лоттар бойынша бөлінген жағдайда, әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға құжаттарды әр лотқа бөлек ұсынады.

93. Әлеуетті өнім беруші конкурсты ұйымдастырушының банк шотына банктік кепілдік немесе кепілдік берілген ақша жарнасы түрінде конкурсқа бөлінген соманың бір пайызынан кем емес мөлшерде конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізеді.

94. Конкурстық комиссияның хатшысы әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамасы бар конверттерді қабылдайды және өтінімдерді тіркеу журналына конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтерді енгізеді.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналы осы Қағидалардың 18-тармағына сәйкес конкурстық құжаттама көшірмелерін алған адамдарды тіркеу журналына ұқсас өтінімді тіркеу немесе себебін көрсете отырып, тіркеуден бас тарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді енгізуді есепке алып ресімделеді.

95. Конкурсты ұйымдастырушы бекіткен мерзім өткеннен кейін ұсынылған құжаттар тіркелуге жатпайды және әлеуетті өнім берушілерге қайтарылады.

96. Конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушілердің құжаттары бар конверттерді ашуды хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау аяқталған күні мен уақытында өткізеді.

97. Конкурстық комиссияның төрағасы қатысушыларға конкурстық комиссияның құрамы, белгіленген мерзімде конкурсқа қатысуға құжаттарды ұсынған әлеуетті өнім берушілердің саны туралы хабарлайды және әлеуетті өнім берушілердің конверттерін ашуды жүзеге асырады.

Конкурсты ұйымдастырушының хабарландыруында белгіленген мерзімде ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімдері бар конверттер ашылуға жатады.

98. Конверттерді ашу хаттамасы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді, оған конкурстық комиссияның төрағасы, мүшелері әрбір парағына және соңына қолын қояды конкурсты ұйымдастырушының немесе конкурсты ұйымдастырушыда өзінің интернет-ресурсы болмаған жағдайда білім беруді басқару органының интернет-ресурсында және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында орналастырылады.

99. Өтінімдері бар конверттерді ашқан күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға рұқсат беру үшін толықтығы және конкурстық құжаттамаға сәйкестігі тұрғысынан өтінімді қарайды. Конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін құжаттар қабылданбайды.

Әлеуетті өнім беруші ұсынған құжаттардың дұрыстығын анықтау қажет болған жағдайда, комиссия тиісті мемлекеттік органдар мен заңды тұлғалардан жазбаша түрде қажетті ақпаратты сұратады.

100. Конкурстық комиссияның өтінімді конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестендіруге байланысты сұраныстарына және өтінімді жетіспейтін құжаттармен

толықтыруға, құжаттарды алмастыруға, тиісінше ресімделмеген құжаттарды дұрыстауға бағытталған әрекетіне жол берілмейді.

101. Комиссия өтінімдерді ашу кезінде әлеуетті өнім берушілер және (немесе) олардың өкілдері өздерінің қалауы бойынша аудиожазба мен бейнетүсірілім жүргізу құқығымен комиссия қызметіне араласпай қатыса алады.

102. Конкурстық комиссия конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды және оларды конкурсқа қатысушылар ретінде таниды.

103. Осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурстық комиссияның шешімі әрбір парағына және соңына конкурстық комиссияның төрағасының және мүшелерінің қолы қойылған конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамамен ресімделеді.

Конкурсқа қатысу туралы рұқсат беру туралы хаттама комиссия отырысы күнінен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей конкурсты ұйымдастырушының немесе конкурсты ұйымдастырушыда өзінің интернет-ресурсы болмаған жағдайда білім беруді басқару органының интернет-ресурсында және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында орналастырылады.

104. Комиссия конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттама жарияланған күнінен бастап екі жұмыс күн ішінде рұқсат берілген әлеуетті өнім берушілердің құжаттамасын қарайды.

105. Егер неғұрлым үздік сипаттамалары бар көрсетілетін қызмет ұсынылған жағдайда, әлеуетті өнім берушінің техникалық тапсырмасының конкурстық құжаттамада көрсетілген техникалық тапсырмаға сәйкес болмауына жол беріледі.

106. Конкурстық құжаттама талаптарына және біліктілік талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім беруші конкурс жеңімпазы болып танылады.

107. Егер конкурсқа екі және одан да көп әлеуетті өнім берушілерге рұқсат берілген жағдайда Үлгілік конкурстық құжаттамаға 8-қосымшаға сәйкес тауарларды берушіні таңдау өлшемшарттары қолданылады. Бұл жағдайда, барынша көп балл жинаған әлеуетті өнім беруші конкурс жеңімпазы болып танылады.

Егер конкурста конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес өтінімді ұсынған және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін бір әлеуетті өнім беруші қатысқан жағдайда, ол конкурс жеңімпазы болып танылады.

Егер екі және одан да көп әлеуетті өнім беруші бірдей балл санын жинаған жағдайда, Үлгілік конкурстық құжаттамаға 8-қосымшаға сәйкес тауарлар берушіні таңдау өлшемшарттары бойынша тауарлар нарығында неғұрлым көп жұмыс тәжірибесі бар конкурсқа қатысушы жеңімпаз болып танылады. Бірнеше әлеуетті өнім берушілердің жұмыс тәжірибесі тең болған кезде конкурсқа қатысуға өтінімі басқа әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерінен бұрын түскен әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады.

108. Конкурстық комиссияның төрағасы конкурстық комиссияның отырысына қатысып отырған адамдарға конкурс қорытындыларын жариялайды.

109. Конкурс қорытындылары туралы хаттама осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді, оған комиссияның төрағасы және мүшелері әрбір парағына және соңына қолын қояды және конкурс қорытындылары туралы хаттама қол қойылған күннен бастап бір жұмыс күн ішінде конкурсты ұйымдастырушының немесе конкурсты ұйымдастырушыда өзінің интернет-ресурсы болмаған жағдайда білім беруді басқару органының интернет-ресурсында және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында орналастырылады.

Конкурс қорытындылары туралы хаттама қызмет көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы шарт жасасуға негіз болып табылады.

110. Конкурс жеңімпазы болып танылған әлеуетті өнім беруші конкурс қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күнінен бастап және оны конкурсты

ұйымдастырушының немесе конкурсты ұйымдастырушыда өзінің интернет-ресурсы болмаған жағдайда білім беруді басқару органының интернет-ресурсында және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде шарттың жалпы сомасының үш пайызынан кем емес мөлшерде шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізеді.

111. Конкурсты ұйымдастырушы өнім беруші шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін екі жұмыс күні ішінде қол қойылған қызмет көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы шартты әлеуетті өнім берушіге жолдайды.

112. Өнім беруші шартты алған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қол қойылған қызмет көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы шартты конкурсты ұйымдастырушыға қайтарады.

113. Егер әлеуетті өнім беруші осы мерзім ішінде шартқа қол қоймаса, ол шартты қол қоюдан жалтарған деп есептеледі.

114. Ұйымдастырушы мынадай жағдайлардың бірі басталған кезде:

1) конкурс жеңімпазы деп айқындалған немесе екінші орын алған әлеуетті өнім беруші тауарларды жеткізу туралы шарт жасасудан жалтарған;

2) конкурс жеңімпазы не екінші орын алған әлеуетті өнім беруші шарт жасаса отырып, конкурстық құжаттамада белгіленген тауарларды жеткізу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы талаптарды орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған, оның ішінде уақтылы орындамаған жағдайларда конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді әлеуетті өнім берушіге қайтармайды.

115. Осы Қағидалардың 113-тармағында көзделген жағдайлардың бірі басталған кезде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасы тиісті бюджеттің кірісіне аударылады.

116. Шарт бөлінген қаражат шегінде тиісті қаржы жылында міндеттемелер бойынша бекітілген жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес жасалады және шарт мерзімі аяқталғаннан кейін өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болмаған жағдайда екі реттен көп емес ұзартылады.

Шарт бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде міндетті түрде тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

117. Шарттық міндеттемелерді орындау процесінде туындайтын барлық даулар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес шешіледі.

118. Конкурс қорытындыларын шығарғанға дейінгі, бірақ қаржы жылының кемінде үш айдан аспайтын кезеңге тауарларды жеткізуге қажеттілік болған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы өнім берушіні тарту туралы шешім қабылдайды.

Аталған шешімді қабылдаған жағдайда конкурсты ұйымдастырушы тауарларды жеткізетін өнім берушіге сұрау жібереді.

119. Тауарларды жеткізетін өнім беруші келіскен жағдайда конкурсты ұйымдастырушының хаты түскен күнінен бастап үш жұмыс күн ішінде заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің, жарғының (заңды тұлғалар үшін) немесе жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің, жеке басты куәландыратын құжаттың (жеке тұлғалар үшін) көшірмелерін, техникалық тапсырманы және әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтерін қоса беріп, жауап жолдайды.

120. Конкурсты ұйымдастырушы тауарларды берушіден хат алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде оған қол қойылған тауарларды жеткізу туралы шартты жібереді.

121. Өнім беруші шарт жобасын алған күнінен бастап бір жұмыс күні ішінде қол қойылған тауарларды жеткізу туралы шартты конкурсты ұйымдастырушыға қайтарады.

122. Конкурстық комиссияның хатшысы екі жұмыс күні ішінде конкурсты ұйымдастырушының немесе конкурсты ұйымдастырушыда өзінің интернет-ресурсы

болмаған жағдайда білім беруді басқару органының интернет-ресурсында және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында тауарларды жеткізуші туралы ақпарат жариялайды.

123. Конкурсты ұйымдастырушы:

1) ұсынылған өтінімдер болмаған;

2) конкурсқа қатысуға бірде-бір әлеуетті өнім беруші жіберілмеген;

3) конкурс жеңімпазы, егер аталған өнім беруші конкурсқа жалғыз қатысып, шарт жасасудан жалтарған жағдайларда, конкурсты өткізілмеді деп таниды.

124. Конкурс өткізілмеді деп танылған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы конкурс өткізілмеді деп танылған күнінен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей, бірақ әлеуетті өнім берушілер конкурсқа қатысуға өтінімдер беретін соңғы күнге кемінде күнтізбелік он күн қалғанда конкурсты ұйымдастырушының немесе конкурсты ұйымдастырушыда өзінің интернет-ресурсы болмаған жағдайда білім беруді басқару органының интернет-ресурсында және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында орналастыру арқылы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсты қайта өткізу туралы жариялайды.

Егер конкурс жеңімпазы шарт жасасудан жалтарған жағдайда конкурсқа екі және одан да көп әлеуетті өнім беруші қатысқан кезде, конкурстық комиссия тауарларды берушілерді таңдау өлшемшарттарына сәйкес конкурс жеңімпазынан кейін көп балл жинаған әлеуетті өнім берушімен шарт жасасу туралы шешім қабылдайды және екі күн ішінде оған шартты жолдайды.

Әлеуетті өнім беруші шартты алған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде қол қояды және қол қойылған тауарларды жеткізу туралы шартты конкурс ұйымдастырушысына қайтарады.

125. Осы Қағидалардың 122-тармағына сәйкес қайта өткізілген конкурс өткізілмеген болып танылған жағдайда конкурстық комиссияның шешімі бойынша конкурсты ұйымдастырушы тауарларды жеткізетін өнім берушіні тарту туралы шешім қабылдайды.

Өнім берушіні тарту осы Қағидалардың 118, 119, 120, 121-тармақтарын ұқсас жүзеге асырылады.

126. Тамақтану шығындарының 100 пайызы ата-аналардан немесе заңды өкілдерден алынатын мектепке дейінгі ұйымдарда тауарларды сатып алу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес тауарларды жеткізушімен тауарларды жеткізу шартын тікелей жасасу жолымен жүзеге асырылады. Шартқа қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде мектепке дейінгі ұйымның басшысы мектепке дейінгі ұйымның немесе мектепке дейінгі ұйымда өзінің интернет-ресурсы болмаған жағдайда білім беруді басқару органының интернет-ресурсында және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымында тауарларды жеткізуші туралы ақпаратты орналастырады.

127. Осы Қағидалардың сақталуын бақылауды балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті орган және мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жүзеге асырады.

	Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларына 1-қосымша

нысан

	Бекітемін: _____ (Тапсырыс берушінің толық атауын және оның лауазымды адамының тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) көрсету)

Көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды сатып алу жоспары

Тапсырыс берушінің БСН-і _____

Тапсырыс берушінің атауы (мемлекеттік тілде) _____

Тапсырыс берушінің атауы (орыс тілінде) _____

Жылы _____

№ п/п	Сатып алу мәнінің түрі	Сатып алынатын қызметтердің немесе тауарлардың мемлекеттік тілдегі атауы	Сатып алынатын қызметтердің немесе тауарлардың орыс тіліндегі атауы	Көрсетілетін қызметтердің немесе тауарлардың, мемлекеттік тілдегі сипаттамасы (сипаты)	Көрсетілетін қызметтердің немесе тауарлардың орыс тіліндегі сипаттамасы (сипаты)
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

Өлшем бірлігі	Саны, көлемі	Бір бірлігі үшін баға, теңге	Сатып алу үшін бекітілген жалпы сома, теңге	Қызметтерді көрсету немесе тауарды жеткізу мерзімі	Қызметтерді көрсету немесе тауарды жеткізудің орны	Аванстық төлемнің мөлшері, %
7	8	9	10	11	12	13

	Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының

	қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларына 2-қосымша

нысан

Жеткізушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттама

_____

(конкурс атауын көрсету)

Конкурсты ұйымдастырушы _____ __ (тапсырыс берушінің толық атауын, орналасқан жерін, БСН, банктік деректемелерін, байланыс телефондарын, электрондық және почта мекенжайын көрсету)

1. Жалпы ережелер

1. Конкурс өнім берушіні таңдау мақсатында өткізіледі (көрсетілетін қызметтер немесе тауарлар атауын көрсету).

2. Көрсетілетін қызметті немесе тауарды сатып алу жөніндегі осы конкурс (лот) үшін бөлінген сома ____ теңгені құрайды (көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды) лоттарға бөлген жағдайда, әрбір лот үшін сома жеке көрсетіледі).

3. Осы конкурстық құжаттама мыналарды:

1) осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметтерді алушылар санаттарының тізбесін, тауарды берушіні таңдау кезінде 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алынатын тауарлардың тізбесін;

2) осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 3-қосымшаға сәйкес Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті (оқушыларды тиімді тамақтандыруды қамтамасыз ету үшін талап етілетін перспективалы мәзір қоса беріле отырып) немесе тауарларды, сондай-ақ мектепке дейінгі, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды берушіні таңдау жөніндегі конкурстық құжаттаманың техникалық тапсырмалары;

3) осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 4, 5-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша заңды және жеке тұлғалар үшін конкурсқа қатысуға арналған өтінімді;

4) осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтерді;

5) осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 7, 8-қосымшаларға сәйкес таңдау өлшемшарттарын;

6) осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 9-қосымшаға сәйкес үлгілік шартты қамтиды.

4. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім берушіні конкурсқа қатысуға өтінімімен қоса көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды сатып алу үшін бөлінген соманың бір пайызынан кем емес мөлшерде конкурсқа қатысуға арналған өтінімнің қамтамасыз етуін төменде аталған нысандардың біреуімен енгізеді:

1) мынадай банк шотында _____ орналастырылатын ақшаның кепілдік берілген ақшалай жарнасы (тапсырыс берушінің не сатып алуды ұйымдастырушының банк шотының толық деректемелері көрсетілсін);

2) банктік кепілдік.

Қағидалардың 22 (90)-тармағына сәйкес құжаттар пакетін әлеуетті өнім беруші немесе оның сенімхат бойынша өкілі _____ мерзімге дейін конкурсты ұйымдастырушының _____ (конкурсты ұйымдастырушының атауы және мекенжайын көрсету) мекенжайында орналасқан пошталық мекенжайына жібереді немесе комиссияның хатшысына (кабинет №___) қолма-қол береді.

Құжаттарды әлеуетті өнім беруші конкурсты ұйымдастырушыға тігілген, нөмірленген түзетусіз түрінде ұсынады. Өтінімнің соңғы парағына бірінші басшының қолы қойылады және мөрімен бекітіледі.

Конкурсты ұйымдастырушы белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсынылған құжаттар тіркелуге жатпайды және әлеуетті өнім берушілерге қайтарылады.

	Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті немесе тауарларды жеткізушіні, сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды берушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттамаға 1-қосымша

нысан

Көрсетілетін қызметті алушылар санатының тізбесі

_____

бойынша конкурс

(конкурсты ұйымдастырушының толық атауын көрсету)

№	Конкурсты ұйымдастырушының атауы	Білім беру ұйымындағы көрсетілетін қызметті алушылардың жалпы саны	Оның ішінде бюджет қаражаты есебінен тегін тамақтандыру мен қамтамасыз етілетін білім алушылар	Қызметті көрсету мерзімдері	Қызметті көрсету орны	Білім алушыларды тегін тамақтандыруды қамтамасыз етуге бюджет қаражаты есебінен бөлінген сома
1	2	3	4	5	6	7

Күні

Басшының қолы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымын көрсету)

М.О.

	Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті немесе тауарларды жеткізушіні, сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды берушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттамаға 2-қосымша

нысан

Сатып алынатын тауарлардың тізбесі

_____ сатып алу бойынша конкурс

(толық атауын көрсету)

Лот №	Тапсырыс берушінің атауы	Тауарлардың атауы	Өлшем бірлігі	Саны, көлемі
1	2	3	4	5
		(Тауарлардың сипаттамалары техникалық тапсырмада көрсетілетін жағдайда бұл бағанда тауардың қысқаша атауы және әрбір ұстаным бойынша техникалық тапсырманың нақты бөліміне сілтеме көрсетіледі)		

кестенің жалғасы

Жеткізу шарттары	Тауарларды жеткізу мерзімі	Тауарларды жеткізу орны	Аванстық төлем мөлшері, %	Сатып алу үшін бөлінген сома (№ лот бойынша), теңге
6	7	8	9	10

* Тауарлардың толық сипаты мен сипаттамасы техникалық тапсырмада көрсетіледі.

Конкурсты ұйымдастырушы басшысының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы _____ __ /_____ /_____ Күні _____ М.О.	Тапсырыс беруші басшысының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы _____ /_____ /_____ Күні _____ М.О.

	Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті немесе тауарларды жеткізушіні, сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды берушіні таңдау жөніндегі

	үлгілік конкурстық құжаттамаға 3-қосымша

Жеткізушіні таңдау жөніндегі конкурстық құжаттамаға техникалық тапсырма

Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету. Осы техникалық тапсырмада _____ (орта білім беру ұйымының атауын көрсету) білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтің сәйкес келуі тиіс сандық және сапалық сипаттамалар беріледі.

_____ білім алушыға (санын көрсету), оның ішінде жергілікті бюджет қаражаты есебінен _____ теңге сомасында (сомасын көрсету), оның ішінде ҚҚС (ҚҚС сомасын санмен және жазумен көрсету)/ ҚҚС қоспағанда _____ білім алушыға (санын көрсету) тамақтандыру ұсынылады.

_____(білім беру ұйымының атауын көрсету) оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру кезіндегі негізгі мақсаттар мен міндеттер жас ерекшелігі бойынша тағамдық заттар мен қуатына физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкес оқушыларды тиімді тамақтандырумен қамтамасыз ету болып табылады.

Білім алушыларды тамақтандыру _____ (білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру орны, асхана және (немесе) буфет) жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші ас әзірлейтін бөліктің және оның қызметкерлерінің жұмысына басшылық жасайды, сондай-ақ тамақ дайындау технологиясына, азық-түліктерді салудың, порциялардың шығу нормасының сақталуына, білім алушыларға өнімдер мен тағамдардың берілуіне және жеткізілетін азық-түліктердің сапасына, оны сақтау және тарату қағидаларының сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді.

Көрсетілетін қызмет беруші ас әзірлейтін бөлікте, өндірістік және қойма бөлмелерінде санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық қағидаларды сақтауды қамтамасыз етеді.

Өнім беруші білім беру ұйымының Санитариялық қағидалармен бекітілген нысан бойнша дайын өнімнің сапасына (бракераж) бақылау журналын жүргізуге жағдайды қамтамасыз етеді.

Тағамдардың, тамақ өнімдерінің және аспаздық бұйымдардың тұтынушылық қасиеттері, олардың органолептикалық ерекшеліктері, технологиясы және дайындау жағдайлары балаларға арналған тағам өнімдерінің қауіпсіздігі бөлігінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттеріне сәйкес болуы тиіс.

_____ (білім беру ұйымының атауын көрсету) асханасына және (немесе) буфетіне тағамдарды мектептік тамақтандырудың базалық ұйымдарынан жеткізілген жағдайда тиісті температураны сақтауды қамтамасыз ететін арнайы ыдыстар (термоконтейнерлер) қолданылады.

_____ (басшының тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) көрсету) директоры бекіткен білім алушыларды тамақтандырудың белгіленген тәртібіне сәйкес бірінші ауысым үшін білім алушыларға _____ (уақытын және үзілісті көрсету), екінші ауысым үшін _____ (уақытын және үзілісті көрсету) ыстық тамақ ұсынылады.

Санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес буфет өнімдерін тарату үшін жағдайлар жасалады.

Дайын аспаздық өнімдер мен тамақ өнімдерін тарату сағат _____ (асхананың және (немесе) буфеттің жұмыс уақытын көрсету) жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызмет беруші ай сайын _____ (орта білім беру ұйымы басшысының тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) көрсету) тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, білім алушылар үшін пайдаланатын тамақ өнімдерінің тізбесі туралы мәлімет ұсынады.

Әлеуетті өнім беруші шығарылатын өнімнің ассортименттік тізбесін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес бекітеді.

Тамақтанудың іс жүзіндегі рационы бекітілген перспективалы мәзірге сәйкес келуі тиіс. Санитариялық-эпидемиологиялық заңнама талаптарына сәйкес, ерекше жағдайларда бір өнімді, тағамды және аспаздық бұйымдарды басқаларымен ауыстыруға жол беріледі.

Жекелеген оқушыларға жеңіл (емдәм) тамақтандыру ұйымдастырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші тағамды дайындау технологиясын және дайын тағамдарды каллориялығына сәйкестігін сақтау үшін ас әзірлейтін бөліктерде бірыңғай тағамды дайындау картотекасының бар болуын қамтамасыз етеді.

Тағамдар картотекасын пайдалану арқылы тамақты дайындау жүзеге асырылады, онда өнімдердің таратылуы, тағамдардың түсімі, әр тағамның құрамы туралы және оның тағамдық құндылығы (ақуыздың, майлардың, көмірсулардың, витаминдердің болуы) және әр тағамның (аспаздық бұйымның) энергетикалық құндылығы (калориялығы) мен әр тамақты қабылдау жиынтығы туралы толық ақпарат көрсетіледі.

Асхананың ас әзірлейтін бөлігінде тағамдарды және аспаздық өнімдерді дайындаудың технологиялық процесін қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастыруды өндіріс меңгерушісі қамтамасыз етеді.

Ас әзірлейтін бөлікте санитариялық-эпидемиологиялық заңнама талаптарына сәйкес қажетті құжаттама болуы тиіс (шикі өнімдердің, дайын тамақтың бракераж журналдарын, ас блогы жұмыскерлерінің денсаулық жағдайын тіркеу журналдарын, тамақты витаминдеуді жүргізу журналдарын, мәзірді, тағамдарды дайындаудың технологиялық карталарын, тамақ өнімдеріне кіріс құжаттарын, жеткізілетін тамақ өнімдерінің сапасын растайтын құжаттарын (жөнелтпе құжаттар, сәйкестік сертификаттары, сапа куәлігі, ветеринариялық-санитариялық сараптама құжаттар, ұсыныс-пікірлерге арналған кітап және тағы басқалары) атап көрсету) атап көрсету).

Өнім берушіде ас әзірлейтін бөліктің әр қызметкеріне жұмысқа рұқсатымен медициналық кітапшалары бар.

Өнім беруші бар технологиялық, тоңазытқыш және санитариялық-техникалық жабдықтардың жөнділігін және уақытылы мемлекеттік тексерілуін (өлшем құралдары үшін) қамтамасыз етеді.

Отандық қызмет көрсетушілерді, тауар өндірушілерді қолдау үшін өнім беруші тамақтандыруды ұйымдастыру шеңберінде тамақ өнімдерінің кемінде 80% (сексен пайызын) отандық қызмет көрсетушілерден, тауар өндірушілерден сатып алады.

Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілген қызметтің әлеуетті өнім берушісінің өтінімдері, егер:

1) 2015 жылғы 4 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қалыптасатын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрса;

2) егер әлеуетті өнім берушінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары және (немесе) аталған әлеуетті өнім берушінің өкілі өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болса не өткізілетін конкурстарда конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылса;

3) Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса;

4) бір теңге мөлшерінде және одан астам салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегі (төлем мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұзартылған жағдайларды қоспағанда) болса қабылданбайды.

Тауарларды жеткізу. Техникалық тапсырмада жеткізілетін тауарларға сәйкес болуы тиіс сатып алынатын тауарлардың толық сипаты және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық сипаттамалары беріледі, кепілдік мерзімі, шығару орны көрсетіледі.

Тауарларға берілетін техникалық тапсырмада функционалдық, техникалық, сапалық сипаттамаларын сипаттау функционалдық шектерді, техникалық сипаттама параметрлерін, үздік сипаттаманы айқындау мақсатында тауардың мақсатын қамтитын тиісті бөлімдерге бөлінуге тиіс.

Сатып алынатын өнімдер тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Отандық тауар өндірушілерді қолдау үшін өнім беруші тамақтандыруды ұйымдастыру шеңберінде тамақ өнімдерінің кемінде 80% (сексен пайызын) тауар өндірушілерден сатып алады.

Тауарлардың әлеуетті өнім берушісінің өтінімдері, егер:

1) "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қалыптасатын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрса;

2) егер әлеуетті өнім берушінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары және (немесе) аталған әлеуетті өнім берушінің өкілі өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болса не өткізілетін конкурстарда конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылса;

3) Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса;

4) бір теңге мөлшерінде және одан астам салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегі (төлем мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұзартылған жағдайларды қоспағанда) болса қабылданбайды.

Күні

Конкурсты ұйымдастырушының (конкурстық

құжаттаманы бекіту кезінде) немесе

қызметтерді немесе тауарларды әлеуетті өнім

беруші (конкурсқа қатысу үшін конкурстық

өтінішті ұсыну кезінде) қолы_____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымын көрсету)

М.О.

	Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті немесе тауарларды жеткізушіні, сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды берушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттамаға 4-қосымша

нысан

Конкурсқа қатысуға өтінім (заңды тұлғалар үшін)

Кімге _____

(конкурсты ұйымдастырушының атауы)

Кімнен _____

(әлеуетті өнім берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

1. Конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтер:

Әлеуетті өнім берушінің заңды, почта мекенжайы және байланыс телефондары
Заңды тұлғаның банктік деректемелері (БСН, БСК), сондай-ақ заңды тұлғаға қызмет көрсететін банктің немесе оның филиалының толық атауы мен мекенжайы
Заңды тұлғаның бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
Заңды тұлға "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қалыптастырылатын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде бар ма
Заңды тұлғаның басшысында және (немесе) аталған заңды тұлғаның өкілінде өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болатын жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары бар ма не олар өткізілетін конкурстарда конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылады ма
Заңды тұлғаның резиденттігі

2._____

(заңды тұлғаның толық атауы)

осы өтініммен _____

(конкурстың толық атауы)

конкурсқа әлеуетті өнім беруші ретінде қатысуға ниет білдіреді және конкурстық құжаттамада

көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес

_____

(қажетін көрсету керек)

қызмет көрсетуді жүзеге асыруға келісім береді.

3._____

(заңды тұлғаның толық атауы)

осы өтініммен заңнамада көзделген бұзушылықтардың жоқтығын растайды.

4._____

(заңды тұлғаның толық атауы)

конкурстық құжаттамамен танысқанын және конкурсты ұйымдастырушыға және конкурстық

комиссияға өзінің құқықтық қабілеті, біліктілігі, сапалық және

_____ көрсетілетін қызметтердің (қажетін көрсету керек)

өзге де сипаттамалары туралы дұрыс емес мәліметтерді бергені үшін жауапкершілігі,

сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де

шектеулерді сақтауы туралы хабардар етілгендігін растайды.

_____

(заңды тұлғаның толық атауы)

осы конкурсқа қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда мұндай дұрыс емес мәліметтерді бергені үшін өзіне толық жауапкершілікті қабылдайды.

5. Осы конкурстық өтінім 45 күн ішінде қолданылады.

6. _____

(заңды тұлғаның толық атауы)

жеңімпаз деп танылған жағдайда, біз шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шарттың

жалпы сомасының кемінде үш пайызын құрайтын сомада енгізуге міндеттенеміз.

7. Конкурсқа қатысуға өтінім біздің арамыздағы міндетті шарттың рөлін атқарады.

Күні Басшының қолы _____
__

(тегін, атын, әкесінің лауазымын көрсету)

М.О.

	Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті немесе тауарларды жеткізушіні, сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды берушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттамаға 5-қосымша

нысан

Конкурсқа қатысуға өтінім (жеке тұлға үшін)

Кімге _____
_____

(конкурсты ұйымдастырушының атауы)

Кімнен_____

(әлеуетті өнім берушінің толық атауы)

1. Конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтер:

Жеке тұлғаның - әлеуетті өнім берушінің жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
Жеке тұлғаның - әлеуетті өнім берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері (№, кім берген)
Жеке тұлғаның - әлеуетті өнім берушінің тіркелген мекенжайы
Тіркеу туралы куәліктің, патенттің не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес конкурс мәніне сәйкес келетін кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқық беретін өзге де құжаттың нөмірі
Жеке тұлғаның - әлеуетті өнім берушінің банктік деректемелері (СТН, БСН, ЖСК), сондай-ақ жеке тұлғаға қызмет көрсететін банктің немесе оның филиалының толық атауы мен мекенжайы
Жеке тұлғаның - әлеуетті өнім берушінің байланыс телефондары, почта мекенжайы мен электрондық почта мекенжайы (болған жағдайда)
Жеке тұлға "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қалыптастырылатын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде бар ма
Жеке тұлғада және (немесе) аталған жеке тұлғаның өкілінде өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болатын жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары бар ма не олар өткізілетін конкурстарда конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылады ма
Жеке тұлғаның резиденттігі

2. _____

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі)

осы өтініммен конкурсқа (конкурстың толық атауын көрсету) әлеуетті өнім беруші

ретінде қатысуға ниет білдіреді және конкурстық құжаттамада көзделген талаптар мен

шарттарға сәйкес қызметтер көрсетуді (қажеттісін көрсету керек) жүзеге асыруға келісім

білдіреді.

3. _____
__

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

осы өтініммен заңнамада көзделген бұзушылықтардың жоқтығын растайды.

4. _____
__

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

конкурстық құжаттамамен танысқанын және конкурсты ұйымдастырушыға өзінің

құқығы, біліктілігі, сапалық және өзге де сипаттамалары туралы (қажеттісін көрсету) дұрыс

емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының

қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулерді сақтауы туралы хабардар

етілгендігін растайды.

_____

(әлеуетті өнім берушінің атауы) осы конкурсқа қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін

құжаттарды мұндай дұрыс емес мәліметтер бергені үшін өзіне толық жауапкершілікті

қабылдайды.

5. Осы конкурстық өтінім 45 күн ішінде қолданылады.

6._____

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, біз шарттың атқарылуын қамтамасыз

етуді шарттың жалпы сомасының үш пайызын құрайтын сомада енгізуді міндеттенеміз (егер

де конкурстық құжаттамада шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу көзделген болса

көрсетіледі).

7. Конкурсқа қатысуға өтінім біздің арамыздағы міндетті шарттың рөлін атқарады.

Күні Басшының қолы _____
__

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымын көрсету)

М.О.

	Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті немесе тауарларды жеткізушіні, сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды берушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттамаға 6-қосымша

нысан

Әлеуетті өнім берушінің қызметкерлерінің біліктілігі туралы мәліметтер (әлеуетті өнім беруші көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде толтырады)

1. Әлеуетті өнім берушінің атауы _____
__

2. Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды

ұйымдастыру бойынша қызметті көрсету үшін _____
___

(атауын, әлеуетті өнім берушінің тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) көрсету)

әлеуетті өнім берушіде қажетті штат қызметкерлері бар.

Қызметкерлердің жалпы саны ____ құрайды, оның ішінде растайтын құжаттарының

көшірмелері қоса берілген ____ аспазшы, ____ технолог, ____ диетолог және _____ басқа

қызметкерлерді құрайды:

Қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Білімі (арнайы орта, техникалық және кәсіптік, жоғары) және мамандығы (диплом №)	Білімі (қысқа мерзімді курстар) және біліктілігі (куәлік №)	Атқаратын жұмысы	Мамандығы бойынша еңбек өтілі	Біліктілікті арттыру курстары туралы мәліметтер	Жұмыс істеуге рұқсат берілгендігі туралы мәліметтер (рұқсат беру туралы белгісі бар медициналық кітапшалардың көшірмелері)
1	2	3	4	5	6	7
Барлығы						

3. Растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып,

_____ соңғы бес жыл ішінде конкурста

(әлеуетті өнім берушінің атауын көрсету)

бұған дейін қоғамдық тамақтану саласында көрсетілген қызмет көлемі

Көрсетілген қызметтердің атауы	Тапсырыс берушілердің атауы	Қызметтерді көрсету орны және жылы
1	2	3

4. Әлеуетті өнім беруші қызмет көрсету үшін ресурстардың бар екені туралы қосымша

мәліметтерді көрсетеді.

Біліктілігі туралы барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын.

Күні

Басшының қолы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымын көрсету)

М.О.

Әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтер (әлеуетті өнім беруші тауарларды сатып алу кезінде толтырады)

1. Әлеуетті өнім берушінің атауы _____

_____

2. Конкурста сатып алынатын, әлеуетті өнім берушінің бұған дейін жеткізген

(шығарған) осындай тауарлардың көлемі (болған кезде), теңгемен

_____

Тауардың атауы	Тапсырыс берушілердің атауы және олардың телефон нөмірлері	Тауарды жеткізу орны және күні	Шарттың құны, теңге (әлеуетті өнім берушінің қарауы бойынша)
1	2	3	4

3. Ұсынымдар туралы мәліметтер, олар болған кезде. Басқа заңды және (немесе) жеке

тұлғалардың ұсыным хаттарын, пікірлерін тізбелеп көрсету және қоса беру қажет.

_____

Барлық мәліметтердің дәйектілігін растаймын.

Қолы_____

Күні

Басшының қолы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымын көрсету)

М.О.

	Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті немесе тауарларды жеткізушіні, сонымен қатар мектепке дейінгі

	ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды берушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттамаға 7-қосымша

Көрсетілетін қызмет берушіні таңдау өлшемшарттары

№	Өлшемшарттар	Балдар		
1	Қызмет нарығында жұмыс тәжірибесі (10 балдан артық емес)	Қоғамдық тамақтануды ұйымдастыру бойынша жұмыс тәжірибесі - әр жылға 0,5 балдан	Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша жұмыс тәжірибесі - әр жылға 1 балдан	
2.	Экологиялық менеджмент жүйесін қанағаттандыратын тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметке қолданылатын сәйкестік сертификатының бар болуы	Жоқ (0 балл)	Бар (1 балл)	
3.	Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметке қолданылатын менеджмент сапасы жүйесі сертификатының бар болуы	Жоқ (0 балл)	Бар (1 балл)	
4.	Аспазшылардың біліктілігі (10 балдан аспайды)	Арнайы орта білім (білім туралы құжатын 2007 жылғы 27 шілдеге дейін алған жағдайда) немесе техникалық және кәсіптік білім 3 разряд (1 балл)	Арнайы орта білім (білім туралы құжатын 2007 жылғы 27 шілдеге дейін алған жағдайда) немесе техникалық және кәсіптік білім 4 разряд (2 балл)	Арнайы орта білім (білім туралы құжатын 2007 жылғы 27 шілдеге дейін алған жағдайда) немесе техникалық және кәсіптік білім 5 разряд және (немесе) жоғары білім (3 балл)
5.	Технологтың (қоғамдық тамақтану саласында), диетологтың болуы (2 балдан аспайды)	Жоқ (0 балл)	Бір маман ғана бар (1 балл)	Бар (2 балл)
6.	Технолог біліктілігі бар өндіріс меңгерушісінің болуы (қоғамдық тамақтану саласында), (1 балдан аспайды)	Жоқ (0 балл)	Бар (1 балл)	
7.	Конкурс ұйымдастырушысының техникалық тапсырмаға тіркеген перспективтік ас мәзіріне Санитариялық қағидаларға сәйкес			

	шығарылатын өнімнің ассортименттік тізбесінің болуы	10-нан кем ас атауы (1 балл)	10-нан 30-ға дейін ас атауы (2 балл)	30-дан 50-ге дейін ас атауы (3 балл)
8.	100% қызметкерде жұмысқа рұқсаты бар болуы (1 балдан аспайды)	Бір қызметкерде жоқ (0 балл)	Барлық қызметкерде бар (1 балл)	
9.	Отандық өндірушілерден сатып алынатын тамақ өнімдерінің көлемі (3 балдан аспайды)	85-тен 90 %-ға өнімдер (2 балл)	90-нан 100%-ға дейін өнімдер (3 балл)	
10.	Мектептік тамақтандыруды ұйымдастыру барысында пайдаланылатын тамақ өнімдерінің жеке өндірісінің бар болуы (шаруа немесе фермерлік қожалығы, жылыжай және басқалары) (2 балдан аспайды)	Жоқ (0 балл)	Бар (2 балл)	
11.	Тамақты дайындаудың технологиялық картасының болуы (1 балдан аспайды)	Қолданылмайды (0 балл)	Қолданылады (1 балл)	
12.	Ұсынылатын қызметтің тиісті сапасын қамтамасыз ететін тағамдарды дайындау кезінде жеке қуат үнемдеуші жабдықтарды пайдалану (2 балдан аспайды)	Жоқ (0 балл)	Ішінара (1 балл)	Толық көлемде бар (2 балл)
13.	Тамақтандыруды ұйымдастыру мәселесі бойынша аспазшылардың біліктілігін көтеру туралы сертификаттың болуы (1 балдан аспайды)	Жоқ (0 балл)	Бар (1 балл)	
14.	Өндірістік бақылау жоспарының болуы (1 балдан аспайды)	Жоқ (0 балл)	Бар (1 балл)	
15.	Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсеткен білім беру ұйымдары ата-аналар комитеті төрағаларының қолы, мектептер директорларының қолы қойылған және мөрімен бекітілген көрсетілетін қызмет берушіге ата-аналар тарапынан берілген сипаттамалардың болуы (3 балдан аспайды)	Жоқ (0 балл)	Бар (әр сипаттамаға 1 балдан, бірақ 3 балдан аспайды)	
16.	Әлеуетті өнім берушілердің конкурс өткізілетін тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың аумағында, астанада тіркелуінің бар болуы	Жоқ (0 балл)	Тіркелген (3 балл)	

Ескертпе: 1-тармақ бойынша білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша жұмыс тәжірибесінің бар болуы бұған дейін жасасқан шарттармен расталады, 4-тармақта әр маманға балдар қойылады, 10-тармақ бойынша балдарды қою үшін алдағы жылы өндірілген

азық-түлікті алуға жасасқан шарттар туралы мәліметтер қолданылады, 14-тармақ бойынша жабдықтарға құқық белгілеуші құжаттарды ұсыну қажет (жабдық паспорты, төлем құжаттары және басқасы)

	Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті немесе тауарларды жеткізушіні, сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды берушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттамаға 8-қосымша

Тауарларды берушіні таңдау өлшемшарттары

№	Өлшемшарттар	Балдар	
1.	Конкурстың мәні болып табылатын тауар нарығындағы жұмыс тәжірибесі	Әр жылға 1 балдан, бірақ 10 балдан аспайды	
2.	Отандық тауар өндірушілер үшін тауарларды ерікті түрде сертификаттау туралы құжаттың бар болуы	Жоқ (0 балл)	Бар (1 балл)
3.	Ұлттық стандарт талаптарына сәйкес сапа менеджментінің сертификатталған жүйесінің (сертификатталған жүйелерінің) бар болуы	Жоқ (0 балл)	Бар (1 балл)
4.	Ұлттық стандарттар талаптарына сәйкес қоршаған ортаны басқару менеджментінің сертификатталған жүйесінің (сертификатталған жүйелерінің) және (немесе) экологиялық таза өнім стандартына сәйкестікті растаудың бар болуы	Жоқ (0 балл)	Бар (1 балл)
5.	Отандық өндірушілерден сатып алынатын тамақ өнімдерінің көлемі (3 балдан аспайды)	85-90%-ға дейін өнімдер (2 балл)	90-ден 100%-ға дейін өнімдер (3 балл)
6.	Мектептік тамақтандыруды ұйымдастыру барысында пайдаланылатын тамақ өнімдерінің жеке өндірісінің бар болуы (шаруа немесе фермерлік қожалығы, жылыжай және басқалары) (2 балдан аспайды)	Жоқ (0 балл)	Бар (2 балл)
		Жалдап алу, өтеусіз пайдалану, лизинг және	Жеке көлігінің

7.	Азық-түлікті арнайы көлікпен жеткізу шарттары (3 балдан аспайды)	басқа шарттар негізінде көліктің болуы (2 балл)	болуы (3 балл)
8.	Әлеуетті өнім берушілердің конкурс өткізілетін тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың аумағында, астанада тіркелуінің бар болуы	Жоқ (0 балл)	Бар (3 балл)

Ескерту: 1-тармақ бойынша тәжірибе бұған дейін жасасқан шарттармен расталады, 5-тармақ бойынша балл қою үшін алдыңғы жылы өндірілген өнімдерді сатып алу туралы жасасқан шарттардың деректері қолданылады.

	Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті немесе тауарларды жеткізушіні, сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды берушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттамаға 9-қосымша

Үлгілік шарт

_____ "___" _____ _____ ж.

(өткізілетін орын)

_____ бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын (конкурсты ұйымдастырушының толық атауын көрсету) _____ (басшының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____, (жеткізушінің толық атауы - конкурстың жеңімпазы) бұдан әрі Жеткізуші деп аталатын, _____, екінші тараптан_____ _ _ _ _ _ _ негізінде әрекет ететін (жеке кәсіпкерді тіркеу туралы куәлік, жарғы және басқалар) басшының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), көрсетілетін қызметті немесе тауарларды жеткізушіні таңдау жөніндегі конкурстың

қорытындылары туралы хаттама негізінде "___"____20___ жылы қызмет көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегілер туралы келісімге келді:

1. Өнім беруші Тапсырыс берушіге (сомасын цифрлармен және жазумен көрсетуі) мөлшеріндегі сомаға, оның ішінде ҚҚС (ҚҚС сомасын цифрлармен және жазумен көрсету)/ҚҚС қоспағанда (бұдан әрі - Шарттың бағасы) білім беру ұйымында білім алушыларды, оның ішінде білім алушылардың жекелеген санаттарын тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсетуді немесе тауарларды жеткізуді міндетіне алады.

2. Осы Шартта төменде көрсетілген ұғымдар мынадай түсіндірмені білдіретін болады:

1) "Дүлей күш (форс-мажор)" - төтенше және тойтаруға болмайтын оқиғалар (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары және басқалары). Мундай оқиғаларға атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың рынокта болмауы жатпайды;

2) "Көрсетілетін қызмет" - өндіріс процесі және тауарлар мен аспаздық өнімдерді өндіруді қосқанда орта білім беру ұйымдарының білім алушыларына сапалы және қауіпсіз тамақтандыруды ұсыну;

3) "Тапсырыс беруші" - орган немесе орта білім беру ұйымы;

4) "Тауар" - орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша тауар;

5) "Өнім беруші" - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), Тапсырыс берушімен жасасқан шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін тұлға;

6) "Шарт" - Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жазбаша нысанда жазылған, тараптар оған барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен бірге, сондай-ақ шартта сілтеме бар барлық құжаттамамен бірге қол қойған азаматтық-құқықтық акт;

7) "Шарттың бағасы" Тапсырыс беруші Шарттың шеңберінде Өнім берушіге өзінің шарттық міндеттемелерін толық орындағаны үшін төленуге тиіс соманы білдіреді.

Тараптар осы шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе жартылай орындамаған жағдайда, егер ол дүлей күш нәтижесі болып табылса, жауапкершілік артпайды.

3. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда айтылған жағдайлар, осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;

2) техникалық тапсырма;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз ету.

4. Өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (банктік кепілдеме, кепілдік ақшалай жарна төлеу) Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қағиадаларында көзделген жағдайларда енгізеді.

5. Өнім берушінің үшінші тұлғалардың тұтастай не Шартты қамтамасыз етуді орындау құқығының, оның ішінде талап қою құқығының туындауына әкеп соғатын іс-қимыл жасауына жол берілмейді. Тапсырыс берушінің Өнім беруші енгізген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді пайдалануына жол берілмейді.

6. Шарт бөлінген қаражат шегінде тиісті қаржы жылында міндеттемелер бойынша бекітілген жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес жасалады және шарт мерзімі

аяқталғаннан кейін өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болмаған жағдайда екі реттен көп емес ұзартылады.

7. Өнім беруші қызметті көрсетуді немесе тауарды жеткізуді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық тапсырмаға сәйкес білім беру ұйымдарында жекелеген санаттағы _____ санда (балалар санын көрсету) білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті немесе тауарды қабылдауды және төлеуді міндетіне алады.

Ақы төлеу нысаны _____ (аударым, қолма-қол есеп айырысу)

8. Төлеу мерзімі _____

9. Ақы төлеу алдындағы қажетті құжаттар: _____

(шот-фактура немесе қабылдау-табыстау актісі)

10. Өнім беруші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз қандай да болмасын адамға Шарттың мазмұнын немесе оның қандай да бір ережелерін, сондай-ақ Тапсырыс беруші немесе осы Шартты орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналды қоспағанда, оның атынан басқа адам берген құжаттаманы немесе ақпаратты ашпауға тиіс. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада берілуге тиіс.

11. Өнім берушінің орта білім беру ұйымдарында тегін тамақтандыруды алуға құқығы бар білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілген қызметке немесе тауарды жеткізуге ақы төлеуді көрсетілетін қызметті іс жүзінде орындау нәтижелері бойынша осы Шарттың ____ тармағында көрсетілген нысанда және мерзімде жүргізіледі.

12. Бір мәрте мектептік тамақтандырудың құны _____ теңгені құрайды.

13. Өнім беруші қызмет көрсетуді немесе тауарды жеткізуді Шартта белгіленген мерзімге сәйкес жүзеге асырады.

14. Өнім беруші тарапынан қызметті орындауды кешіктіру Шартты орындауды қамтамасыз етуді ұстап, қызметті уақытылы орындамағаны немесе заңнамада қарастырылған басқа шаралар үшін тұрақсыздық айыбын төлетіп, Тапсырыс берушінің Шартты бұзуына негіз болып табылады.

15. Егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде қызметтерді көрсетпесе, Тапсырыс беруші шарт шеңберінде әрбір мерзімі өткен күн үшін Шарттың бағасынан 0,1 % соманы тұрақсыздық айыбы түрінде шегеріп тастайды.

16. Шарт талаптарын бұзғаны үшін Тапсырыс беруші Өнім берушіге міндеттемелерді орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып:

1) егер Жеткізуші Шартта көзделген мерзімдерде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шартты ұзарту кезеңі ішінде қызметтің бір бөлігін көрсетпесе немесе тауардың бір бөлігін ұсынбаса немесе барлық қызметті немесе барлық тауарды ұсынбаса;

2) егер Жеткізуші Шарт бойынша өзінің қандай да бір міндеттемелерін орындамаса, оның ішінде конкурс кезінде көрсетілген ас блогы қызметкерлерінің сандық және сапалық құрамы сәйкес келмеген кезде осы Шартты бұзады.

17. Дүлей күш жағдайлары туындаған кезде Өнім беруші Тапсырыс берушіге бір жұмыс күн ішінде мұндай жағдайлар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді. Егер Тапсырыс берушіден өзгеше жазбаша нұсқаулықтар түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды жалғастырады және дүлей күшке байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздеуді жүргізеді.

18. Өнім беруші, осы Шарттың 17-тармағының талаптарын орындаған кезде егер Шартты орындауды кешіктіру дүлей күш нәтижесі болса, өзінің Шартты орындауды

қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарттың талаптарын орындамауына орай тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

19. Тапсырыс беруші, егер Өнім беруші төлеуге қабілетсіз болса немесе Жосықсыз әлеуетті өнім берушілердің тізіліміне енсе, Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, кез келген уақытта Шартты бұза алады. Бұл жағдайда бұзу тез арада жүзеге асады және Тапсырыс беруші, егер Шартты бұзу залал келтірмесе немесе іс-әрекеттерді жасауға қандай да болмасын құқықтарды қозғамаса немесе Тапсырыс берушіге қойылған немесе соңынан қойылатын санкцияларды қолданатын жағдайда Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндеттемелер жүктемейді.

20. Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, оның бұдан әрі орындалуының орынсыздығына орай кез келген уақытта Шартты бұза алады. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетіледі, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттың бұзылуы күшіне енген күні көрсетіледі.

21. Жоғарыда көрсетілген жағдаяттар негізінде Шарт жойылған кезде, Өнім берушіге Шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күні іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы төленеді.

22. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші тікелей келіссөздер процесінде олардың арасында Шарт бойынша немесе оған байланысты туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды шешуге бар күш-жігерін жұмсайды.

23. Егер осындай келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күн ішінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауды шеше алмаса, тараптардың кез келгені мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешеді.

24. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады.

25. Шартқа сәйкес тараптардың бірі екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама, кейін түпнұсқасын бере отырып, хат, жеделхат немесе факс түрінде жіберіледі.

26. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе күшіне ену көрсетілген күні (егер хабарламада көрсетілсе), бұл күндердің қайсысы кеш болатындығына байланысты күшіне енеді.

27. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленуге тиіс.

28. Осы Шартта Тапсырыс беруші мен Өнім беруші белгіленген тәртіппен келісілген өзге де айыппұл санкциялары немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шарттар көзделуі мүмкін.

29. Осы Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде тіркеуден өткізгеннен кейін күшіне енеді.

Білім беру ұйымдарында тегін тамақтануға құқығы бар білім алушылар жоқ болған жағдайда әлеуетті өнім беруші шарттың жалпы сомасының үш пайызынан кем емес мөлшерде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбейді.

30. Осы Үлгілік шарт орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызмет көрсетуді немесе тауарларды сатып алуды Тапсырыс беруші жүзеге асыру процесінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді.

Шартқа өзгерістер енгізуге мынадай жағдайда рұқсат беріледі:

1) тапсырыс берушінің мәзірді жақсартуы (тамақтану рацион ұлғайту) және өнім берушіні таңдауға негіз болған сапа өзгермейтін жағдайда және басқа да жағдайларда тараптардың өзара келісімі бойынша тиісінше соманы көбейту;

2) тегін тамақтануға құқығы бар білім алушылар санының өзгеруі.

Осы шартқа енгізілетін басқа да өзгерістер мен толықтырулар Тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамаларына, Өнім берушінің конкурстық құжаттамасына және конкурс қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес болуы тиіс.

31. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері:

Тапсырыс беруші _____ (толық атауы)	Өнім беруші _____ (толық атауы)
_____ (мекен-жайы)	_____ (мекен-жайы)
_____ (телефоны, факс)	_____ (телефоны, факс)
_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
_____ (қолы)	_____ (қолы)
"___"_____ ____ж. МП	"___"_____ ____ж. МП

Аумақтық қазынашылық органында тіркеу күні _____.

	Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларына 3-қосымша

нысан

Конкурстық құжаттаманың көшірмесін алған адамдарды тіркеу журналы

№ р/с	Конкурсты өткізудің атауы	Конкурсты өткізу мерзімі	Әлеуетті өнім берушінің немесе заңды тұлға өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	ЖСН/БСН

1	2	3	4	5

кестенің жалғасы

Жеке басты куәландыратын құжат нөмірі (кім берді және берілген күні)	Заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер	Орналасқан жері және байланыс телефондары	Конкурстық құжаттаманың көшірмесін алған уақыты және күні
6	7	8	9

	Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларына 4-қосымша

нысан

Конкурс туралы хабарландыру

_____

(конкурсты ұйымдастырушының атауы, пошталық және электрондық мекенжайлары)

Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру,

сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз

қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын

балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты көрсетілетін қызметтерді немесе

тауарларды жеткізушіні таңдау жөніндегі конкурс өткізілетіні туралы хабарлайды

_____

(сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің немесе тауарлардың атауы)

Қызмет: _____

(қызмет көрсету орны және оның көлемі, көрсетілетін қызметті алушылар санаттарының

толық тізбесі және оның саны, қызмет көрсетуге бөлінген сома көрсетіледі) көрсетілуі тиіс.

Қызметті көрсету мерзімі _____

Немесе:

Тауар _____

(тауарларды жеткізудің орны, сатып алынатын тауарлардың тізбесі, тауарларды сатып

алуға бөлінген сома көрсетіледі)

Тауарларды жеткізудің талап етілетін мерзімі _____.

Конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін барлық әлеуетті өнім

берушілер конкурсқа жіберіледі.

Конкурстық құжаттама көшірмелерінің топтамасын _____ жылғы

"___" _____ дейінгі мерзімді қоса алғанда мына мекенжай бойынша: _____ ,

бөлме № __ сағат ____-дан ____-ге дейін және/немесе _____ _____

интернет-ресурсынан алуға болады.

Конвертке салынған конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімдерді әлеуетті өнім

берушілер _____ _____

(конкурсты ұйымдастырушының атауын көрсету керек) мына мекенжай бойынша

_____ жібереді.

(толық мекенжайы, бөлменің № көрсету керек)

Конкурсқа қатысуға өтінімдер берудің соңғы мерзімі (уақыты мен күнін көрсету керек) дейін.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер бар конверттер _____ (уақыты мен күні көрсетілсін)

мына мекенжай бойынша _____ (толық мекенжайы, бөлменің №, уақыты мен

күні көрсетілсін) ашылады.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады:

_____ (телефон нөмірін көрсету керек).

	Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларына 5-қосымша

нысан

Конверттерді ашу хаттамасы

_____ _____

(өткізілетін орын) (уақыты мен күні)

Мынадай құрамдағы конкурстық комиссия: (конкурстық комиссия төрағасының, мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) лауазымы, конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу күні, уақыты мен орны көрсетіледі) конкурсқа қатысуға өтінімдер бар конверттерді ашу рәсімін жүргізді.

Конкурстық құжаттаманың көшірмесі мынадай әлеуетті өнім берушілерге берілді: (конкурстық құжаттаманың көшірмесі берілген барлық әлеуетті өнім берушілердің атауы, мекенжайы).

Мынадай әлеуетті өнім берушілердің _____

конкурсқа қатысуға өтінімдері (конкурсқа қатысуға өтінімдерді берудің түпкілікті мерзімі өткеннен кейін конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынған барлық әлеуетті өнім берушілердің атауы, мекенжайы көрсетіледі) _____ негізінде ашылмай қайтарылды.

(ашылмау себебі көрсетілсін)

Белгіленген мерзімде конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі өткенге дейін конкурстық өтінімді ұсынған мынадай әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдері:_____

(конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі өткенге дейін конкурстық өтінімдер ұсынған барлық әлеуетті өнім берушілердің атауы, мекенжайы, конкурсқа қатысуға өтінімді беру уақыты) ашылды және конкурстық өтінімдерді ашу кезінде барлық қатысушы және комиссия конкурсқа қатысуға рұқсат берген адамдарға жарияланған __ _____

(конкурстық өтінімді құрайтын құжаттардың бар немесе жоқтығы туралы ақпарат және конкурстық өтінімдер ашылған кезде жарияланған басқа ақпарат) қамтиды.

Конкурстық өтінімдерді ашқан кезде мынадай әлеуетті өнім берушілер қатысты (олар қатысқан жағдайда):

_____

(конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашқан кезде қатысқан барлық әлеуетті өнім берушілердің атауы, мекенжайы)

Конкурстық комиссия төрағасының, мүшелерінің және хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолдары.

	Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларына 6-қосымша

нысан

Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттама

_____ _____

(өткізілетін орын) (уақыты мен күні)

_____

(білім беру ұйымының атауы)

орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды жеткізушіні таңдау жөніндегі конкурс өткізілетіні туралы хабарлайды

1. Мынадай құрамдағы конкурстық комиссия:

_____

(конкурстық комиссияның құрамын көрсету)

_____ (күнін көрсету) _____ білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді берушілерді немесе тауарларды берушіні таңдау жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарады.

2. Конкурсқа қатысуға өтінімдер берудің соңғы мерзімі өткенге дейін белгіленген мерзімде өтінім берген мынадай әлеуетті өнім берушілердің: _____
_____

(конкурстық өтінімдер берудің соңғы мерзімі өткенге дейін конкурстық өтінімдер берген барлық әлеуетті өнім берушілердің атауы, мекенжайы, конкурсқа қатысуға өтінім берген уақыты, өтінім қамтитын құжаттар тізбесі, конкурстық құжаттамада көзделген қандай да бір құжаттың болуы болмауы туралы ақпарат, конкурсқа қатысуға өтінімдерді кері қайтару және өзгерту туралы және басқа ақпарат көрсетіледі)

конкурсқа қатысуға өтінімдері конкурстық комиссия отырысының барлық қатысушыларына жарияланды.

3. Конкурсқа қатысуға арналған мынадай конкурстық өтінімдер конкурсқа қатысуға жіберілмейді: _____

_____

(конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтіндігінің себебін көрсете отырып, конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімдері қабылданбаған әлеуетті өнім берушілер (оның деректемелері) көрсетіледі).

4. Әлеуетті өнім берушілердің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін конкурстық өтінімдері _____.

(барлық әлеуетті өнім берушілердің тізбесі көрсетіледі)

5. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға берілген өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша ашық дауыс беру жолымен былай деп шешті:

1) мынадай әлеуетті өнім берушілер конкурсқа қатысуға жіберілсін:

_____.

(конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілердің тізбесін көрсету)

2) мынадай әлеуетті өнім берушілер конкурсқа қатысуға жіберілмесін:

_____.

(конкурсқа қатысуға жіберілмеген әлеуетті өнім берушілердің тізбесін және жіберілмеу себебін көрсету)

3) Конкурсқа қатысуға әлеуетті өнім берушілердің конкурстық құжаттамаларын қарау орны, күні, уақыты _____ белгіленсін.

Осы шешімге дауыс бергендер:

Жақтаушы дауыс (конкурстық комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

Қарсы дауыс _____ (конкурстық комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

Конкурстық комиссия төрағасының, мүшелері мен хатшысының қолдары.

	Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларына 7-қосымша

нысан

Конкурс қорытындылары туралы хаттама

_____

конкурстың атауы)

_____ _____ (
өткізілетін орны)

(уақыты мен күні)

1. Мынадай құрамдағы конкурстық комиссия: _____
__.

(конкурстық комиссияның құрамын көрсету)

2. Мынадай әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері конкурсқа қатысуға жіберілді:

_____

(рұқсат беру туралы хаттамаға сәйкес конкурсқа жіберілген әлеуетті өнім берушілердің

конкурсқа қатысуға өтінімдерін көрсету)

3. Конкурстық комиссия өлшемшарттарға сәйкес қарастыру нәтижелері бойынша ашық

дауыс беру жолымен былай деп шешті:

1) конкурстың жеңімпазы ретінде _____ танылсын;

(конкурсқа қатысушының атауы мен орналасқан жерін, сондай-ақ ол жеңімпаз деп

танылған шарттарды көрсету)

2) конкурс _____
___

(конкурс атауы)

өткізілмеді деп танылсын.

Егер конкурсқа қатысушылардың конкурстық өтінімдерін қарастыру кезінде конкурс

жеңімпазы анықталмаса немесе барлық конкурстық өтінімдер қабылданбаса, тиісті себебін көрсету.

3) Конкурсты ұйымдастырушы _____
__

(атауын және орналасқан жерін көрсету)

_____ жылға дейінгі мерзімде _____
_____

(конкурс жеңімпазының атауын көрсету)

-мен орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру

бойынша қызмет көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы шарт жасассын;

4) Конкурсты ұйымдастырушы _____

(конкурсты ұйымдастарушының атауын көрсету) аталған конкурс қорытындылары

туралы хаттаманың мәтінін интернет ресурста орналастырсын.

Осы шешімге дауыс бергендер:

Жақтаушы дауыс _____ (конкурстық комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Қарсы дауыс _____ (конкурстық комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Конкурстық комиссия төрағасының, мүшелері мен хатшысының қолдары.

	Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларына 8-қосымша

нысан

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде конкурс өткізуге өтінім

_____

(білім беру ұйымының немесе білім беруді басқару органының атауы, пошталық

мекенжайы және электрондық поштасы)

жоқ (қажетті) жабдықты сатып алу және / немесе мектеп асханасының барлық ескірген

жабдықтарын жаңа қуат үнемдейтін жабдықпен ауыстыру қажеттілігі бар екендігін

хабарлайды. Осыған байланысты, Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңның

нормаларына сәйкес мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде орта білім беру

ұйымдарында білім алушылардың тамақтануын ұйымдастыру бойынша қызметті немесе

тауарларды сатып алуды жүзеге асыруды сұрайды.

Күні

Басшының қолы_____ М.О.

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда), лауазымы көрсетіледі)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" ШЖҚ РМК